

Статистика жөніндегі консультативтік комитеттің құрамына өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 142 өкімі.

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 12 мамырдағы № 42 өкімімен бекітілген Статистика жөніндегі консультативтік комитеттің құрамына мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) Консультативтік комитеттің құрамына мына адамдар енгізілсін:

Қазақстан Республикасынан		
Малдыбаева Гүлмира Смағұлқызы	-	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Ұлттық шоттар басқармасының жетекшісі
Үмітбаев Берік Алтайұлы	-	"Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Ресей Федерациясындағы Өкілдігінің директоры
Қырғыз Республикасынан		
Азимов Алмазбек Курбаналиевич	-	Қырғыз Республикасы Қаржы министрінің орынбасары
Асанов Уланбек Жалалович	-	Қырғыз Республикасының Әлеуметтік қоры Төрағасының орынбасары
Байжуманов Джанболат Байжуманович	-	Қырғыз Республикасы Ұлттық статистика комитеті Төрағасының бірінші орынбасары
Жениш Нұрбек	-	Қырғыз Республикасы Ұлттық банкі Төрағасының орынбасары
Шамшиев Насридин Шамшиевич	-	Қырғыз Республикасы Экономика министрлігі Макроэкономикалық саясат басқармасының бастығы
Ресей Федерациясынан		

Ульянов Игорь Сергеевич	-	Федералдық мемлекеттік статистика қызметі Ұлттық шоттар басқармасы бастығының орынбасары
б) Консультативтік комитеттің мына мүшелерінің жаңа лауазымдары көрсетілсін:		
Епбаева Айгүл Тохтарханқызы	-	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Өндіріс пен қоршаған орта статистикасы басқармасының жетекшісі
Зайнуллина Зифа Жаферовна	-	Федералдық мемлекеттік статистика қызметі Еңбек статистикасы басқармасының бастығы

в) Консультативтік комитеттің құрамынан Г.Х. Исмурзина, С.Ю. Нагорный, Н.Н. Сукуров және А.А. Татаринов шығарылсын.

2. Осы Өкім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы В. Христенко*